

Интернетте және POS терминалы арқылы төлеу кезінде жиі кездесетін қателіктер

Интернетте төлем жасаған кезде

1. Жалған веб-сайтқа деректерді енгізу

Мекенжай <https://> деп басталуын және шын веб-сайт екенін тексеріңіз.

2. Карта деректерін енгізу кезіндегі қателіктер

Карта нөмірін, жарамдылық мерзімін және қауіпсіздік кодын (CVV) мұқият енгізіңіз.

3. Растау коды дұрыс емес (3D Secure немесе SMS)

Ағымдағы кодты қолданыңыз және уақыты өтіп кетуін күтпестен бірден енгізіңіз.

4. Төлем кезіндегі интернет ақауы

Операция аяқталғанға дейін браузерді жаппаңыз немесе интернетті өшірмеңіз.

5. Қаражат жеткіліксіз немесе онлайн төлемдер өшірілген

Банктің мобильді қосымшасындағы баланс пен карта параметрлерін тексеріңіз.

6. Ақауға байланысты қайта төлеу

Ақау кезінде чекті немесе скриншотты сақтаңыз және банктегі есептен шығаруды тексеріңіз.

POS-терминал арқылы төлеу кезінде

1. Дұрыс емес PIN код

Асықпаңыз, PIN кодын мұқият енгізіңіз. Үш қатден кейін карта бұғатталуы мүмкін.

2. Карта мерзімі өтіп кеткен немесе бұғатталған

Банк қолданбасында картаның жарамдылық мерзімі мен күйін тексеріңіз.

3. Қаражат жеткіліксіз

Картада төлем жасауға жеткілікті ақша бар екеніне көз жеткізіңіз.

4. Терминалдың істен шығуына байланысты қайта төлеу

Егер терминал қатып қалса немесе қателік кетсе, банктен хабарлама арқылы операцияның өткендігін тексеріңіз.

5. Терминалда жанасусыз төлем жоқ (Apple Pay, Google Pay, т.б.)

Егер жанасусыз төлем жасалмаса, картаны чипімен салыңыз.